



**Автор:** РАХИМОВА ГУЛЬМИРА АБИЛГАЗИЕВНА

**Пән:** Қазақстан тарихы

**Сынып:** 6-сынып

**Бөлім:** Қазақ хандығының XVI – XVII ғасырлардағы дамуы


**Тақырып:** Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.3.1.10. Қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығының ішкі саясатын, хандық кеңес пен билік кеңестің рөлін, сыртқы саясатын анықтау.
Тілдік мақсаттар:	<p>Тыңдалым дағдысы: Оқушылар интерактивті тақта арқылы электрондық кітаптан алынған Тәуке хан кезіндегі қазақ хандығы туралы бейнебаяннан Тәуке хан кезіндегі қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатын біледі, қазақ хандығындағы заңдар жинағын түсінеді, Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығының ерекшелігін анықтайды. Айтылым дағдысы: Тәуке хан тұсындағы билер институты мен хандар институтының айырмашылығын анықтайды.</p> <p>Оқылым дағдысы: Мәтіннен Тәуке хан кезіндегі қазақ хандығындағы басқару жүйесінің тарихи маңызын анықтайды.</p> <p>Жазылым дағдысы: «Картамен жұмыс» әдісі арқылы Тәуке хан кезіндегі Қазақ хандығының аумағы, көрші елдермен қарым-қатынасы, қазақ халқының этникалық құрамы мен территориясын анықтап, сипаттайды. Пәнге қатысты термин сөздер: "Қазақ хандығы", хандық кеңес, билік кеңес, "Жеті жарғы", құрылтай, хандық, Дала Ликругі, дербес мемлекет</p> <p>Диалогқа арналған сұрақтар: 1.Неліктен Тәуке хан тұсында мемлекетте тыныштық қалыптасты деп ойлайсың? - Тәуке хан мемлекетті нығайтуда алдына қандай мақсат қойды деп ойлайсың? Дәлел келтір.</p> <p>2.Тәуке хан өзінің басқару жүйесінде билер кеңесін неге құрды ?</p>
Күтілетін нәтиже:	Сабақ және оқу мақсаттары толық орындала отырып , оқушылар Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығындағы жағдай сыртқы саясаты туралы біліп меңгере алады
Бағалау критерийлері:	Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатын анықтайды. Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының тарихи маңызын сипаттайды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында Қазақ хандығындағы хандардың басқару жүйесінің айырмашылықтары мен ұқсастықтары туралы тарихын білуге қызығушылығын арттыру арқылы патриоттық сезімі жоғары тұлға тәрбиелеу; «Жалпы ұлттық бірлік, достық пен келісім» дәстүрін игерту, патриотизімге баулу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ қолдану арқылы, бейнеролик, презентация, слайд қолдану арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу.
Пәнаралық байланыс:	География, құқық негіздері
Бастапқы білім:	Қазақ аумағындағы Қасым хан, Есім хан кезіндегі заңдар жинағы және басқару жүйесіндегі айырмашылықтарды біледі, байланыстырады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (0-5 минут)</p>	<p>Сабақтағы жоспарланған іс әрекет          Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, жұмыс орнының сабаққа дайындығын тексеру, оқушылардың көңілін сабаққа аудару          Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу үшін оқушыларды шеңберге тұрғызып, "Бүгінгі күнге жақсы бір тілек" тренингін өткіземін.          Топқа бөлу: Қағаз қиындыларын алу арқылы әр түс бойынша 3 топқа бөлінеді          1 топ - Әйтеке би 2 топ- Қазбек би 3 топ- Төле би          Үй тапсырмасын қайталау мақсатында «Кім жылдам» әдісі бойынша өткен тақырыпқа байланысты сұрақты ауызша қоямын, деңгейлік сұрақтар бойынша оқушы сұраққа жауап береді. Бұл тәсіл тілдік мақсаттың орындалуына көмек береді.          Сұрақтар: 1. Қазақ хандығындағы Қасым хан тұсындағы қазақ хандығында халық саны қанша, әскер саны қанша болды және кімнің деректерінде кездеседі?          2. Қасым хан мен Есім хан тұсындағы заңдар жинағы қалай аталды?          3. Есім хан тұсындағы қазақ хандығындағы басқару жүйесіндегі ерекшелік неде болды?</p>	<p>Ресурстар Н.С.Бакина          Н.Т.Жанақова,          Қ.Қ.Сүлейменова- Алматы:          Атамұра, 2018.- 189- бет 1-          топ-Әйтеке би 2-топ-          Қазбек би 3-топ-Төле би          Қалыптасырушы бағалау          тапсырмалары НЗМ 2017ж.          Smk.edu.kz. «Кім жылдам»          әдісі Слайд №1</p>
--------------------------------------	---	--

<p>Сабақтың ортасы (5-25 минут)</p>	<p>Жаңа сабақ «Стоп кадр» әдісі арқылы оқушылардың ішкі уәжін арттыру. Оқушылар электрондық кітапта берілген «Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығы» туралы бейнероликті көру арқылы тақырыптың мағынасын ашады. Электрондық кітап бойынша бейнероликтен не байқадыңдар? 1-Тапсырма топтық жұмыс • Ұлы дала тұрғындары Тәуке хан билік еткен жылдарды қалай атады? (1-топ Әйтеке би тобы) • XVIII ғасырда Тәуке хан билігі қай жерлерге жүрді ? (2-топ Қазбек би тобы) • XVIII ғасырда "Жеті жарғы" заңы қазақ қоғамының қажеттіліктеріне жауап бере алды ма? (3-топ Төле би тобы) Дескриптор 1.Тәуке хан билік еткен жылдар тарихта қалай аталатынын біледі 2.XVIII ғасырда Тәуке хан өз билігі қай жерлерге және кімдерге жүргізгенін біледі 3.XVIII ғасырда "Жеті жарғы" заңы қазақ қоғамының қажеттіліктеріне жауап бере алды ма жоқ па анықтайды. • Қалыптастырушы бағалау Бір топты 2ші топ бағалайды. "Бас бармақ" әдісі бойынша Т-2. 2- тапсырма. Жұптық жұмыс. Тапсырма бойынша " Домино "арқылы Қағаз қиындылары домино пішіндес қиылып, ортасынан қаламмен сызылады. Әр топта оқушылар жұппен орындайды.Бірінші жұп оң жақ бөлігіне сұрақ жазады, келесі жұп келесі домино парақшасының сол жағына сол сұрақтың жауабын жазып, оң жағына өз сұрағын береді, тиісінше келесі оқушы өз доминосына осындай жазба қалдырады. Барлық оқушылар өз доминоларын жасап болған соң , араластырып, көршілес топқа домино қиындыларын құрастыруға ұсынады. Әрі жылдам, әрі дұрыс құрастырған жұп жеңіске жетеді. Мысалы: "Домино" әдісі арқылы. Мысалы: Сұрақ Жауап 1.Ұлы жүзді қай би басқарды? Төле би 2. Орта жүзді кім басқарды? Қазыбек би 3. Кіші жүзді басқарған кім? Әйтеке би 4.Тәуке хан өмір сүрген кезең? 1680-1715(1718)жж. 5.Тәуке хан билеген кезеңде Қазақстан мен Ресейдіңшекарасы қай жерде тоғысты? 6. Қазақстан мен Ресейдің Алтайдағышегаралары Жоңғар хандығымен түйісті де, бұл жерде жоңғарлар менқазақтар және орыстардың мүдделері соғысты 6. XVII-XVIIIғасыр аралығында жоңғар тағының қонтайшысы кім болды? Цеван Рабдан Дескриптор • Оқушылар 3 жүзді кімдер басқарғанын біледі. • Оқиғалар мен жылдарды сәйкестендіре алады. Қалыптастырушы бағалау 3- тапсырма Топтық жұмыс «Джигсо әдісі» арқылы тақырыпты оқулықтан тақырыпшаларды оқулықтан 189-192 бет аралығын бөліктерге бөліп оқуға тапсырма беріледі, постер қорғалады. 1 топ "Төле би" тобы Тәуке хан туралы мәлімет, Қазақ хандығындағы "Алтын ғасыр" деп аталатын кезең туралы сипаттама. 2 топ "Қазбек би" тобы Тәуке хан кезіндегі Қазақ хандығының ішкі, сыртқы жағдайына сипаттама жаса 3 топ "Әйтеке би" тобы Тәуке ханның Қазақстан тарихындағы рөлі туралы баяндау. Дескриптор: 1. Қазақ хандығын Тәуке хан билеген кезеңді және Тәуке ханның өмірі жайлы анықтайды. 2. Қазақ хандығын Тәуке хан билеген кезеңдегі ішкі және сыртқы жағдайларын түсінеді. 3. Тәуке ханның Қазақстан тарихында рөлін анықтайды</p> <p>Image not found of type unknown</p>  <p>ҚБ жұптық бағалау. "+" , "-" , "қызықты" әдісі арқылы бағалайды. Топтар бірін бірі бағалауда сол топтың жасаған топтың жұмысында "+" яғни бір жақсы жағы "-" яғни бір жетпеген жерін "қызықты" өздеріне бір қызықты жерлерін айтып баға береді</p>	<p>Электрондық кітап. 6-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" Слайд № 2</p>
---	--	---

Сабақтың соңы  
(3минут)

Жеке жұмыс 4 тапсырма «Картамен жұмыс»

6-сыныпқа арналған атлас  
карта Слайд №7 Слайд  
№7

Image not found or type unknown






Image not found or type unknown



6-сыныпқа арналған атлас карта бойынша Қазақ хандығын Тәуке хан билеген кезіндегі шекара мен астанасын анықтаңдар. Дескриптор: 1. Қазақ хандығын Тәуке хан билеген кезеңдегі шекарасын шамамен көрсетеді. 2. Тәуке ханның билігі жүрген жерлер мен үш жүздің территориясын анықтайды. 3. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының территориялық аумағын астанасын картадан көрсетеді.

ҚБ. Слайдтан көрсетілген карта бойынша оқушы картадан қарап өзінің дұрыс немесе бұрыс белгілегенін өзі тексереді.

Рефлексия  
(2 минут)



5 саусақ бейнеленген А4  
қағаздар

рефлексия бес

саусақ әдісі бойынша бағалайды